

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ АЖІМДІГІ
2019-ж. 05-03
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АЖІМДІГІ
БСН 020540003709
№ 640-1259-12-КММ
АЖІМДІГІ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ 2002-ж. 02-05

Келес ауданы әкімлігінің
«30» қаңтар 2019 жылғы
№28 қаулысына қосымша

Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және басқада заң актілеріне сәйкес дайындалған.

2. Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) коммерциялық емес ұйым болып табылады.

3. Мекеменің толық атауы: Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4. Мекеменің орналасқан жері: индекс 160907, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқарата ауылдық округі, Бөйтерек ауылы, Жөніс көшесі, №17 А.

5. Мекеменің құрылтайшысы: *Келес ауданы әкімдігі.*

6. Мекеменің уәкілетті органы: *Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі.*

7. Мекеме аудандық Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Мекеме заңды тұлға болып табылады, өзіндік мүлкі, дербес балансы, есеп айырысу (оның ішінде валюталық) шоты және банктерде басқа да шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы белгіленген, атауы қазақ тілінде жазылған мөрі мен мөр табаны бар.

9. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігінде тұрған ақшамен жауапты. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша жергілікті атқарушы орган жауапты. Келісім шарттар бойынша міндеттемелері үшін мекеменің жауапкершілігі, мемлекеттік мекемені ұстауға арналған заңдарға сәйкес бекітілген смета көлемінде болады.

10. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген Заңдарын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, ҚР Үкіметінің нормативтік актілерін және осы жарғыны басшылыққа алады.

11. Мекеме – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны болып табылады.

12. Мекеме құрылтайшының келісімімен мекеменің білім беру бағдарламаларын орындау үшін заңды тұлға құқықтары жок бөлімдер (филиалдар, өкілдіктер) құра алады. Мекеме басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

13. Мекемеге жарғыда бекітілген өз қызметінің нысаны мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

14. Мекеме басшысының мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, жауапкершілікке әкеледі.

15. Мекеменің қызмет мерзімі шектелмеген.

2. Мекеменің міндеті мен қызметі

16. Мекеменің басты міндеті - Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

17. Мекеменің басым міндеттері мыналар болып табылады:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге;

ТЕКШЕРІЛДІ

Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, аппараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

18. Мекеменің құзіретіне мынандай міндеттер жатады:

жарғының жобасын әзірлеу;

ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ережеде өзгеше көзделмесе, білім алушылар контингентін білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес қалыптастыру;

оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру;

білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;

мекеменің басқару құрылымын, штат кестесін бекіту, қызмет міндеттерін бөлу;

өздерінің қаржы қаражаты шегінде және республикалық нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шектеулерді ескере отырып, мекемедегі қызметкерлердің жалақысы мен лауазымдық айлықақысының ставкаларын белгілеу;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларына үстеме ақы мен қосымша ақы, оларға сыйлық берудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу;

мекемені нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, жарақтау мен жабдықтау;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

қоғамдық тамақтандыру ұйымдары бөлімшелерінің және медициналық ұйымдардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау, олардың жұмыстарына білім алушылар мен қызметкерлердің денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында бақылау жасау;

білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерінің уақытылы беріліп отыруын қамтамасыз ету;

білім алушылардың күтімі мен тұру жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

оқытушылық (педагогикалық) ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

құрылтайшылар мен мүдделі адамдарға қаржылық және материалдық ресурстардың түсуі мен жұмсалыуы туралы есеп беру;

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және мекеменің жарғысында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыру.

3. Білім беру процесінің мақсаты, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

19. Білім беру процесінің мақсаты мыналар болып табылады:



қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін тоқтаусыз тәрбиелеу мен оқыту процесі;

Мекеменің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

20. Білім беру мекемесі жалпы білім беру бағдарламасын іске асырады.

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;

бастауыш білім беру;

негізгі орта білім беру;

жалпы орта білім беру;

қосымша білім беру кіреді.

Мекеме тіршілік ету, оқу және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, мемлекеттік көмек пен қолдауға мұқтаж балалардың жалпы орта білім алуының білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасайды.

Мекеме жазғы мерзімде өз базасында лагерлер мен демалыс базаларын, лагерлерді, сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде балалардың тұрақты немесе ауыспалы топтарымен әртүрлі бірлестіктер құра алады.

4. Мекемеге қабылдау тәртібі

21. Мектептегі білім беру процесінің субъектілері оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері болып табылады.

22. Азаматтарды мекемеге оқуға қабылдаудың жалпы тәртібі мен ережелерін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы белгілейді.

Ұйымдардың үлгілері мен түрлері бойынша сыныптардың (топтардың) толықтырылуын білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы айқындайды.

Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқару органдарының келісімі бойынша Мекеменің орнын толтыра оқыту сыныптары ашылуы мүмкін (орнын толтыра оқыту - бұл жалпы білім беру бағдарламаларын игеруде қиындыққа ұшырайтын балаларға ұйымның жағдайына бейімделмеудің алдын алуға мүмкіндік беретін оларды тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктеріне барабар жағдай жасау).

Мекеме бекітілген аумақ шегінде мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды дербес (аты-жөні бойынша) есепке алуды жүргізеді.

Мектепалды сыныптарға ағымдағы жылдың I қыркүйегіне бес немесе алты жасқа толған балалар, I-сыныпқа ағымдағы жылдың I қыркүйегіне алты немесе жеті жасқа толған балалар қабылданады.

Қабылдау ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші, медициналық анықтамасы және туу туралы куәліктің көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен ұйымдардың негізгі және жоғарғы сатысындағы бітірушілеріне (бұдан әрі - бітірушілеріне) мекеменің мөрімен расталған білімнің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат (бұдан әрі - құжат) беріледі.

Жалпы негізгі және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеруде ерекше жетістіктерге қол жеткізген бітірушілерге үздік бітіргендігі туралы құжаттар беріледі.

Білім алуды аяқтамаған бітірушілерге нысанын білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы бекітетін белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

Мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарынан 16 жасқа дейінгі балаларды ерекше жағдайларда білім беруді басқару органдарының шешімі бойынша, заңға қайшы әрекеттер жасағандығы, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғандығы үшін оқудан шығаруға жол беріледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқудан шығару туралы шешім қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімімен қабылданады.

Ұйымның персоналын жинақтау тәртібі оның жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

Ұйымға педагогикалық жұмысқа мамандығы бойынша біліктілік сипаттамасының талаптарына сәйкес келетін және білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған қажетті кәсіптік-педагогикалық біліктілігі бар тұлғалар қабылданады.

Тиісті кәсіптік білімі жоқ адамдарға ұйымның педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша қажетті мамандар болмаған жағдайда ғана педагогикалық қызметпен айналысуға құқық беріледі.

Ұйымдағы педагогикалық қызметке соттың үкімі бойынша оған тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

Кәсіби педагогикалық қызметпен айналысатын адамдардың біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан лауазымына сәйкес болмаған жағдайда, сондай-ақ педагогикалық қызметті жалғастырумен сыйыспайтын заңға қайшы әрекеттер жасаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес педагогикалық жұмыстан босатылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮРКІСТАН ОБЛАСТЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ДЕПАРТАМЕНТІ
САМАҒАШ АҚДАНЫШЫҚ ӨДІРЕТ БАСҚАРМАСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ТЕКСЕРІЛДІ

5. Білім беру процесін ұйымдастыру
(оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, сабақ режимі)

23. Мекеменің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мекеме мемлекеттік стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шет тілін оқып-үйренуді Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Білім беру бағдарламаларын меңгеруі бітірушілерді міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

24. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген мекеме бекітетін ережелермен айқындалады.

25. Мекеме білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

26. Мекемеде тәртіп білім алушылардың, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады.

27. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдауға жол берілмейді.

28. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдеріне білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерім бағаларымен танысу мүмкіндігі қамтамыз етілуі тиіс.

29. Мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

30. Мекемеде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

31. Әскери шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы оқушы жастардың негізгі жалпы білім беру базасындағы бастапқы әскери даярлығы - мекемеде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі,
оларды өткізудің нысандары мен тәртібі

32. Мекеменің қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мекеменің жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік нұсқаулармен айқындалады.

33. Мекемедегі оқу-тәртіп жұмыстарын ұйымдастыру, басшылық және бақылау қызметтік нұсқаулармен, өндірістік жоспар негізінде жүргізіледі.

34. Мемлекеттік жалпы міндетті стандартты қамтамасыз ету, педагогтардың жұмысын ұйымдастыру, басқаруды Педагогикалық Кеңес жүргізеді.

35. Мекемеде оқушыларды аттестациялаудың уақыты мен тәртібі Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.

7. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі мен тәртібі

36. Мекеме білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімдері мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

ТЕКСЕРІЛДІ

8) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру (техникалық және қызмет көрсетуші еңбек мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсына алады.

37. Мекеме аумағында (үй-жайында) арнайы тағайындалған жерде мынадай ақпаратты орналастырады:

1) осы мемлекеттік білім беру мекемелері көрсететін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі акылы қызмет түрлерінің тізбесі;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арналған бағалар прейскуранты;

3) үлгілік шарт нысаны;

38. Акылы білім беру қызметтері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде әзірленген және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен мемлекеттік (аудандық, қалалық және облыстық) білім беру органдарымен келісілген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

Білім алушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге акылы білім беру қызметтері ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің тілегі бойынша жеке кесте бойынша ұсынылады.

39. Акылы негізде қызмет көрсететін мекеме және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі. Акылы негізде тауарлар (жұмыстар және қызметтер) ұсынуға арналған үлгілік шарттың нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Интернет-байланыстың қосымша қызметтері түбіртек (шот-фактура) төлеу жолымен шарт жасаспай-ақ ұсынылуы мүмкін.

40. Білім алушы шарт жасасу сәтінде бүкіл оқу кезеңі үшін бір мезгілде акы төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңімен төлеген кезде төлем сомасы жалақы ұлғайтылған жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен асырылмай ұлғайту жағына өзгертілуі мүмкін.

41. Мекеменің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі акылы қызмет түрлерін көрсеткені үшін қолма-қол ақша алу қассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылау-қассалық машиналарды қолдана отырып тараптардың қол жеткізген уағдаластықтары негізінде жүргізіледі.

42. 36 тармақта көзделмеген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі акылы қызмет түрлерін көрсетуге рұқсат етілмейді.

Акылы білім беру қызметтерін көрсетуден түсетін қаражатқа салық салу тәртібі және салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер беру Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

Мекеменің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі акылы қызмет түрлерін көрсетуінен түсетін қаражат мемлекеттік білім беру мекемесінің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары бойынша жоспарланады және пайдаланылады.

8. Мекеме мен білім алушылардың және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қатынастарын регламенттеу мен рәсімдеу

43. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім беру ұйымын және қабылдау шарттарына сәйкес білім алу нысандарын талдауға құқығы бар.

Білім алушылар тілек білдірген жағдайда мекеме олармен тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген оқу шартын (келісім-шартын) жасасуға міндетті.

44. Білім алатын азаматтар білім алушылар болып табылады

45. Білім алушылардың:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді акылы негізде алуға;

5) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;


6) білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

7) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;



11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

46. Мекеменің бітірушілерінің келесі деңгейдегі білім беру мекемесіне түсу кезінде және жұмысқа орналасу кезінде құқықтары тең болады.

Білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

47. Білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес басқа да жеңілдіктер беріледі.

48. Білім алушылар мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мекеменің жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

49. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін кам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

50. Білім алушылар міндеттерін бұзғаны үшін оларға мекеменің жарғысында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

51. Мекемеде оқу-тәрбие процесі білім алушылардың жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады.

Мекемеде білім алушылардың ауруына жол бермеу, денсаулығын нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы камтамасыз етіледі.

52. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулығына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Мекеме медициналық пункттерге орындар береді.

53. Мекеменің педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтіп тұруға міндетті.

54. Мекеменің сабақ кестесі білім алушылардың тамақтану мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын көздеуге тиіс.

55. Мекемеде оқудың, тәрбиеленудің, еңбек ету мен демалудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік директорға, ал бақылау жасау - тиісті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

56. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

57. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын камтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын камтамасыз етуге;

3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын камтамасыз етуге;

5) білім беру ұйымы жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

58. Балалар мен қызметкерлерге медициналық көмек көрсетуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мектепке дейінгі ұйымдарды ұстауға және құрылғысына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын санитарлық ережелерімен нормаларына сондай-ақ жалпы орта білім беретін мектептерді және интернаттарды ұстауға және құрылғысына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың санитарлық ережелермен нормаларына сәйкес белгіленеді.

9. Уәкілетті органның қызыреті

59 Уәкілетті орган:

мекемені ұстауға арналған шығындар сметасын, жоспарын бекітеді;

мекемеге берілген мүліктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

мекеме басшысын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

мекеме директорының орынбасарларын қызметке тағайындауға және босатуға келісім береді;

жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға қамқоршылық және қорғаншылық жасауды ұйымдастырады, оларды балалар үйлеріне немесе интернаттық ұйымдарға орналастырады;

жергілікті бағыныстағы білім-беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне жеткізеді.

ТЕКСЕРІЛГІ

ұйымдастырады және оны өз қызметі шегінде жүргізіп отырады;

педагог қызметкерлерді аттестаттауды өткізеді және оларға біліктілік санаттарын береді;

жалпы орта білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есеп бер отырады;

аймақтық деңгейде педагог кадрларды қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды әдістемелік кабинеттер желісі арқылы әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлайды және ұйымдастырады;

заңнамамен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

60. Мекеме әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

61. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11. Мекеменің мүлкінің құрылу тәртібі

62. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды.

Мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебіне құрылады.

63. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

12. Мекеменің қайта ұйымдастырылу және таратылу тәртібі

64. Мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату (қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру құрылтайшының шешімімен, сот шешімімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы лицензиясынан айырылған немесе таратылған жағдайда оның құрылтайшысы білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыруға шаралар қолданады.

65. Мекеме таратылған кезде кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі заң актілерінде өзгеше тәртібі көзделмесе, құрылтай құжаттарында көзделген мақсаттарға жұмсалады.

13. Мекеменің жарғысын өзгерту тәртібі

66. Мекеменің жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалады және құрылтайшымен бекітіледі.

67. Мемлекеттік тіркеу кезінде мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК МИНИСТРІЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ
РЕСПУБЛИКАНЫҢ АЖІРЕТТЕТІСІ
ТЕКСЕРІЛДІ

УСТАВ

Коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная средняя школа №26 «Келес»
отдела образование, физической культуры и спорта Келесского района

1. Общие положения

1. Настоящий устав разработан в соответствии Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании» и другими законодательными актами.
